

16 қаңтар күні КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу– әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Жоспарға сай лайфхак өткізуші география пәні мұғалімдері педагог-зерттеуші Р.Едишева мен педагог-сарапшы А.Джанзакова өткізді.

Сабақ барысында «Gemini» платформасымен таныстырып, сабақта тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтермен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды. Нақтырақ айтсақ, алдымен промпт дайындап алу. Сол арқылы «Gemini» -де дайын фотодизайнды жүктеп алу. Жүктелген фотоны "Grok AI" нейрондық желі арқылы генерациялау. Фотоға қимыл келтіру, дыбыстау жүйесін жасау. "SlidesMania" - дайын презентация шаблондарына, ойын шаблондарына тегін қол жеткізу. "Movie Studio" - шағын электронды портфолио жасау қосымшасы таныстырылды. "Character AI " қосымшасында суретті қимылдату, сөйлету сияқты командалар орындалды.

Тренинг құрылымы:

1. Кіріспе:

– "Ойын арқылы оқыту" ұғымы

2. Теориялық бөлім:

– Gemini деген не?

– Артықшылықтары:

- Қызықты, интерактивті

- Дайын промпт арқылы жылдам үлгі

- Барлық пәнге тиімді

– Сабақтың қай кезеңінде қолдануға болады? (Үй тапсырмасы, қорытынды)

3. Тәжірибелік мұғалімдер өз пәндеріне қатысты түрлі қызықты тапсырмалар құру арқылы өз бөлімдерін сынап көрді.

Платформа:

- Интерактивті оқыту элементтерін қамтиды

- Оқушылардың қызығушылығын арттырады

- Компьютер, планшет немесе смартфон арқылы қолдануға ыңғайлы.

Мұғалімдер өздері жеке қызықты түрлі тапсырмалар құрастыра алады немесе дайын шаблондарды пайдалана отырып, сабақта, үйірмеде немесе білім сайыстарында қолдана алады.

Сілтеме:

https://www.instagram.com/reel/DTuODMmjP_9/?igsh=MTJJaGF0ZmVuMWY5NQ==